

ерекшеліктері ғана емес, сонымен қатар тыныс алу, несеп бөлу және көбею жүйесі мүшелері алынды. Олардың құрылыс ерекшеліктерімен, мүшелердің орналасу орнымен қатар жынысына да көңіл бөлінді.

В статье показаны результаты исследования особенностей строения пищеварительного аппарата перепелов разных возрастных групп. Для исследования были взяты перепела английской и мраморной пород. Исследовались не только особенности строения и топография органов пищеварения, но и органы дыхательной, мочевыделительной и половой системы.

The article shows the results of studies of the structure of the digestive tract of quail in different age groups. Research for the British were taken quail and marble rocks. We studied not only the structural features and topography of the digestive organs, but organs of the respiratory, urinary and genital system.

ӨОЖ: 619:616.995.121-084:636.3.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫСЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ҚОЙ ПАРАЗИТОЗДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАУСЫМДЫҚ ДИНАМИКАСЫ

PARASITOSIS IN SHEEPS FARMS IN EASTERN KAZAKHSTAN AND THEIR SEASONAL DYNAMICS

**Сабаншиев М.С.¹, Слямбекова М.Ф.², Жакиянова М.С.²
M.S. Sabanshiev, M.F. Sliymbekova, M.S. Ghakijnova**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті*

Аннотация Шығыс Қазақстан облысы шаруашылықтарында қой эймериозының көктем айларында, хабертиозы және мониезидозы жаз айларында көптеп таралуына байланысты оларға қарсы емдеу шараларын көктем айларында жүргізуді ұсынамыз.

Кіріспе Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы саласында жүргізілген жекешелендіру науқанына байланысты елімізде алуан түрлі шаруашылықтар пайда болды. Мал басының бір жерде көбейіп, екінші бір жерде азаюы паразиттердің таралу деңгейін өзгертіп, эпизоотологиялық жағдайға әсер етуде. Мұндай жағдайлар паразитоздардың эпизоотологиясын қайта зерттеп, оларды емдеу, дауалау шараларын қайта белгілеуді қажет етеді.

Қазақстанның шығысы әсіресе, Семей өңірі республиканың ең ірі қойлы мекендері санына жатады. Қой шаруашылығының дамуына осы өңірдің табиғаты қолайлы, жайылымы шүйгін ұлан байтақ кең дала. Бұл өңірде мал шаруашылығы саласының өркендеуіне әртүрлі жұқпалы аурулар көп зиян келтіреді. Осындай аурулардың бірі қой малында жиі кездесетін - эймериоз. Н.А.Колабский және М.М.Искаковтың (1980) зерттеулері бойынша эймериоздан келетін қозы шығыны 20-40 кейде 90 пайызға дейін жетеді. Қойдың күйі кетіп, шығынға ұшырайды, онымен қоса инвазияға шалдыққан малдың сүт, ет, жүн өнімдері төмендейді [1].

Кейбір зерттеушілер практикада инвазиялық аурулар қоздырушылары көптеген жағдайда аралас түрде кездесіп, ассоциативті аурулар тудыратынын хабарлауда. А.П.Маркевич, 1967-1985; М.С.Гиляров, 1978; Д.И.Панасюк, 1978-1985; Е.С.Шульман, 1978; Ю.И.Полянский, 1985 және басқалар мал паразитоценоздарын зерттей отырып, паразит

пен оның иесі арасындағы қатынастың өте күрделі екенін жазды [2]. Бұл зерттеулер әр аймақтағы паразит фаунасының құрамы күрделі екенін көрсетті. Әдеби деректерге қарағанда Шығыс Қазақстан өңірінде мал-жануарлардың паразитоздары әлі де толық зерттелмеген мәселе.

Ауыл шаруашылық малдарының паразитоздарын зерттеп, оларға қарсы емдеу, профилактикалық шараларын белгілеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осыған байланысты біз Шығыс қазақстан облысы шаруашылықтарында кездесетін қой паразитоздарын зерттеп, олардың түр құрамын, маусымдық динамикасын анықтауды мақсат етіп қойдық.


Жұмыстың мақсаты мен міндеттері Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы шаруашылықтарында тіркелген инвазиялардың түрлерін зерттеу. Шаруашылықтарда тіркелген гельминтоздардың, протозооздардың маусымдық динамикасын анықтау. Зерттеу материалдары мен әдістері Ғылыми және ғылыми өндірістік жұмыстар Шығыс Қазақстан облысына қарасты Абай ауданының шаруашылықтарында және Шәкірім атындағы Семей мемлекеттік университетінің аграрлық факультетінің «Ветеринариялық медицина» кафедрасының клиникасында 2009-2012 жылдар аралығында жүргізілді. Ішек гельминттерін, протозооздарын анықтау үшін барлығы 208 бас қой зерттелінді: оның ішінде 64 бас қозы, 79 бас 1-1,5 айлық тоқтылар және 65 бас саулық. Қой нәжісін зерттеу үшін гельминтоовоскопиялық (Дарлинг) және гельминтоларвоскопиялық (Вайда) әдістерін қолдандық. Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы шаруашылықтарындағы қой отарларынан табылған паразиттер түрлері 1-кестеде көрсетілген.

Кесте - 1 Табылған инвазия

Зерттелінген малдар	саны	Табылған инвазия, %			
		эймериоз	хабертиоз	мониезиоз	эзофагостомоз
қозы	64	100	65	80	90
1-1,5 айлық тоқты	79	100	-	-	60
саулық	65	100	50	35	80

Зерттеу нәтижелері Алынған нәтижелер бойынша қойлардың бұл инвазиялармен зақымдалуын төмендегі диаграммаға салып көрсеттік.

Диаграмма 1. Қойлардың инвазияға шалдығу динамикасы



Сонымен, Шығыс Қазақстан облысы шаруашылықтарында қой эймериозы, хабертиозы, мониезиозы және эзофагостомозы кездесетіні анықталды. Солардың ішінде үлкен экономикалық зиян келтіретіні эймериоз.

Кесте - 2 Қойлардың эймериозбен зақымдалуының маусымдық динамикасы (ШҚО)

Жыл мезгілдері	Қозы		1-1,5 жас		Саулық	
	ИЭ%	ИИ ооциста	ИЭ%	ИИ ооциста	ИЭ%	ИИ ооциста
қыс	94-100	1-55	100	1-2	75-100	1-10
көктем	100	800-1000	80-95	1-50	81-98	1-30
жаз	70-100	50-1000	87-95	1-15	59-80	1-50
Күз	65-95	15-620	86-89	1-15	82-96	1-30
Ескерту: микроскоп объективі - 8, окуляры-7. ИЭ- инвазия экстенсиві; ИИ- инвазия интенсиві;						

Бұл кестеде көрсетілгендей, эймериозбен барлық жастағы қой зақымдалынады. Бірақ, өте сезімтал қозылар, капрологиялық зерттеулер саулықтардың қыс айында зақымдануы ИЭ - 75-100%, ИИ 1-10 ооциста болса, көктемге қарай ИЭ -81-98%, ИИ -1-30; жазда біршама көрсеткіштер төмендеп, ИЭ-59-80%, ИИ -1-50; Күзге қарай зақымдалу көрсеткіші шарықтау шегіне жетті ИЭ- 82-96% , ИИ -1-30 ооциста табылды; 1,5 жас арасындағы төлде қыста ИЭ - 100%, ИИ -1- 2; көктемде зақымдалу дәрежесі ИЭ - 80-95%, ИИ-1-50 ооциста; жаз айларында ИЭ-87-95%, ИИ -1-15; күзде ИЭ -86-89%, ИИ -1-15;

қозыларда қыс айларында зақымдалу дәрежесі ИЭ – 94 - 100%, ИИ - 1- 55 ооциста болса; көктемде ең жоғары зақымдалу дәрежесі ИЭ - 100%, ИИ - 800-1000 ооцистаға дейін табылды; жазда сәл төмендеген ИЭ - 70-100%, ИИ - 50-1000; күзде ИЭ -65-95%, ИИ - 15-620 ооциста болды.

Кесте - 3 Жыл маусымына байланысты қойдың хабертиязлармен залалдануы(ШҚО)

Жыл мезгілі	Қозылар		Саулықтар	
	ИЭ%	ИИ балаңқұрт	ИЭ%	ИИ балаңқұрт
қыс	15-25	1-3	5-15	1-2
көктем	5-35	1-2	2-15	1-2
жаз	55-65	5-8	25-50	2-3
күз	45-50	3-5	20-35	1-2

Осы кестеде көріп тұрғандай хабертиозбен қозылар да, саулықтар да зақымдалады, бірақ осы гельминтозбен көбірек жас қозылар зақымдалады (55-65% дейін). Саулықтарда салыстырмалы орташа жылдық ИЭ 35%. Сонымен қоса осы кестеден хабертиоздың шығуының маусымдылық кезеңі де айқын көрсетілген. Жоғары инвазиялану жазда 65%, содан кейін ИЭ төмендеуі байқалынады, көктемде 35%, қыста 25% болды.

Кесте - 4 Жыл маусымына байланысты қойдың мониезиозбен залалдануы(ШҚО)

Жыл мезгілдері	саулық		Тоқты	
	ИЭ%	ИИ	ИЭ%	ИИ
қыс	8-10	1-2	15-30	1-3
көктем	3-5	1-2	8-15	1-2
жаз	15-35	1-10	50-80	3-20
күз	10-30	2-8	30-50	2-15

Бұл кестеде әр түрлі жастағы малдардың осы инвазиямен залалдану деңгейінің жыл маусымына байланысты әр түрлі болатындығы көрсетілді. Қойлардың эзофагостомозбен зақымдалуын анықтағанда алынған нәтижелер төмендегідей болды.

Кесте 5 Жыл маусымына байланысты қойдың эзофагостомоздармен залалдануы

Жыл мезгілдері	Тоқты		1-1,5 жас		Саулық	
	ИЭ%	ИИ балаңқұрт	ИЭ%	ИИ балаңқұрт	ИЭ%	ИИ Балаңқұрт
қыс	30-40	1-2	3-15	1-2	20-35	1-2
көктем	25-30	1-3	2-10	1-2	5-15	1-2
жаз	45-80	2-9	40-60	1-5	50-70	5-8
күз	70-90	2-8	30-50	1-3	40-80	3-5

Қойларының нәжіс сынамаларын жылдың әр мезгілінде алып зерттеген кезде 1-1,5 жастағы тоқтыларда қыс мезгілінде ИЭ – 3-15%, ал бір көру аланыда 1-2 балаңқұрт кездесті. Ал саулықтарда ИЭ – 20 - 35% , балаңқұрт саны 1-2; Көктемде 1-1,5 жастағы тоқтыларда ИЭ - 2-10%, бір көру аланында 1-2 балаңқұрт кездесті; Ең жоғары көрсеткіш көрсеткен жаз және күз айларына келді, яғни, ИЭ - 40-60 және 30-50%;

Қортынды

Қозылардың эймериозбен зақымдалу дәрежесі көктемде ИЭ - 100% дейін жетті. Әр қозылардан орташа ИИ- 800-1000 ооцистаға дейін табылды.

Қойдың хабертиозбен инвазиялану жазда 65%, көтемде 35%, қыста 25% құрады;

Монизииозбен қозылардың зақымдалуы жаз айларында ИЭ 60-90% құрады;

Сонымен Шығыс Қазақстан облысы шаруашылықтарында қой эймериозының көктем айларында, хабертиозы және мониезизозы жаз айларында көптеп таралуына байланысты оларға қарсы емдеу шараларын көктем айларында жүргізуді ұсынамыз.

1. Искаков М.М. Существенные проблемы борьбы с моно – и ассоциативными инвазиями сельскохозяйственных животных. // Современные проблемы гуманитарных и естественных наук. Материалы 3 – Международной научно – практической конференции. Москва, 2010. – С.402-404.

2. Сванбаев С.К. «Кокцидиозы сельскохозяйственных животных Казахстана». Алматы, 1977. С.7.

3. Нуржуманова Ж.М. Эймериозно – эзофагостомозная инвазия овец, меры борьбы. Автореф. дисс.к.в.н., Алматы, 2008. – С.23.

4. Аманова Г.К. Қазақстанның шығысындағы тауық эймериялары және ассоциативті инвазиялар. Автореф. дисс.к.б.н., Алматы, 2010. С.13.

В хозяйствах Восточно-Казахстанской области широкое распространение эймериоза овец имеется в весенние месяцы, а хабертиоз и мониезизоз в летние месяцы. По этим данным рекомендуется проводить лечебно-профилактические меры в весенние месяцы.

In the farms of the East Kazakhstan region widely eymeriosis sheep there in the spring months, and habertiosis and monieziosis in the summer months. From these data, recommended treatment and preventive measures in the spring months.